

**КӨКШЕТАУ
ҚАЛАСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ**



**ОБЩЕСТВЕННЫЙ
СОВЕТ ГОРОДА
КОКШЕТАУ**

020000, Көкшетау қ. Әуезов көшесі, 141
тел., 29-78-81; факс 25-78-80

020000, г.Кокшетау ул. Ауэзова, 141
тел. 29-78-81; факс 25-78-80

22.08.2023, 04-05/377

**«Көкшетау қаласының
жұмыспен қамту, әлеуметтік
бағдарламалар және
азаматтық хал актілерін
тіркеу бөлімі» ММ басшысы
Р.Токишеваға**

Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесі Көкшетау қалалық мәслихатының «Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің жобасын және оған қоса берілген материалдарды қарап, Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің сөздерін тыңдап, ұсынымдары жоқ.

**Көкшетау қаласы Қоғамдық
кеңесінің төрағасы**

С. Какенов

Орындаған: Апенцова А.
Телефон: 29-78-85

**КОКШЕТАУ
ҚАЛАСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ**



**ОБЩЕСТВЕННЫЙ
СОВЕТ ГОРОДА
КОКШЕТАУ**

020000, Кокшетау к, Әуезов көшесі, 141
тел., 29-78-81; факс 25-78-80

020000, г.Кокшетау ул. Ауэзова, 141
тел. 29-78-81; факс 25-78-80

22.08.2023, 04-05/377

Руководителю ГУ «Отдел
занятости, социальных программ
и регистрации актов
гражданского состояния города
Кокшетау» Р.Токишевой

Общественный совет города Кокшетау, рассмотрев проект решения Кокшетауского городского маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау» и прилагаемые к нему материалы, заслушав выступления членов Общественного совета города Кокшетау, рекомендаций не имеет.

Председатель
Общественного совета
города Кокшетау

С. Какенов

№ исх: 0514/6765 от: 15.08.2023

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ КӨКШЕТАУ
ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТУ, ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ
АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН
ТІРКЕУ БӨЛІМІ**



**ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ,
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ И
РЕГИСТРАЦИИ АКТОВ
ГРАЖДАНСКОГО СОСТОЯНИЯ
ГОРОДА КОКШЕТАУ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

020000, Кокшетау, қаласы, Шалтап көшесі, 9 "А",
тел.: 7 (7716) 2298600, факс: 7 (7716) 2298649
e-mail: sobes_kokshe@kokshetau.online.kz

020000, город Кокшетау, улица Шалтап, 9 "А",
тел.: 7 (7716) 2298600, факс: 7 (7716) 2298649
e-mail: sobes_kokshe@kokshetau.online.kz

**Көкшетау қалалық
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы
С.Кәкеновке**


«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ Сізге сараптама қорытындысын әзірлеуге «Ашық НҚА» (<https://legalacts.egov.kz/arm/admin/viewcard?id=14666162>) порталында көпшілік талқылау үшін 2023 ж. 11.08. орналастырылған «Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Көкшетау қалалық мәслихатының шешім жобасын жолдайды.

Қосымша: Көкшетау мәслихаты шешімінің жобасы - 2 бетте;
шешім жобасының қосымшасы – 8 бетте;
шешімнің жобасына түсініктеме жазбахат - 2 бетте.

Бөлім басшысы

Р. Токишева

Орын.: Е. Кадырбаев
298107



ГУ «Отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кокшетау» направляет Вам проект решения Кокшетауского городского маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау», размещенный для публичного обсуждения на портале «Открытые НПА» 11.08.2023 г. (<https://legalacts.egov.kz/arm/admin/viewcard?id=14666162>), для получения экспертного заключения.

Приложение: проект решения Кокшетауского городского маслихата на 2 листах;

приложение к проекту решения на 8 листах;
пояснительная записка на проект решения на 2 листах.

Көкшетау қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8287 тіркелген).
2. «Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/7 "Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 16 мамырдағы № С-17/13 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28156 тіркелген).
3. «Көкшетау қалалық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 7 қазандағы № С-22/11 шешімінің 2 тармағын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30143 тіркелген).
4. «Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/7 «Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № С-25/10 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31507 тіркелген).
5. «Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № С-49/7 «Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № С-2/13 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8544-03 тіркелген).

Приложение к
решению Кокшетауского
городского маслихата
от _____ 202__ года
№ _____

Перечень утративших силу некоторых решений Кокшетауского городского маслихата

1. Решение Кокшетауского городского маслихата Акмолинской области от 24 декабря 2020 года № С-49/7 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8287).
2. Решение Кокшетауского городского маслихата Акмолинской области от 16 мая 2022 года № С-17/13 «О внесении изменения в решение Кокшетауского городского маслихата от 24 декабря 2020 года № С-49/7 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 28156).
3. Пункт 2 решения Кокшетауского городского маслихата Акмолинской области от 7 октября 2022 года № С-22/11 «О внесении изменений в некоторые решения Кокшетауского городского маслихата» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 30143).
4. Решение Кокшетауского городского маслихата Акмолинской области от 23 декабря 2022 года № С-25/10 «О внесении изменения в решение Кокшетауского городского маслихата от 24 декабря 2020 года № С-49/7 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 31507).
5. Решение Кокшетауского городского маслихата Акмолинской области от 14 апреля 2023 года № С-2/13 «О внесении изменений и дополнения в решение Кокшетауского городского маслихата от 24 декабря 2020 года № С-49/7 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8544-03).

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту решения Кокшетауского городского маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау»

П/п	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа-разработчика
1.	Наименование государственного органа-разработчика.	ГУ «Отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кокшетау».
2.	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия.	На основании пункта 2-3 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановления Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 523 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан».
3.	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке).	Не требуется.
4.	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности.	Принятие проекта не повлечет негативных социально-экономических и/или правовых последствий.
5.	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов.	Для оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау.
6.	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.	Не имеется.

7.	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.	Не требуется.
8.	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт).	Проект решения размещен сайте государственного органа, а также 11 августа 2023 года проект решения размещен на интернет-портале «Открытые НПА» на казахском и русском языках, в разделе «Социальное обеспечение».
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов.	Пресс-релиз к проекту решения размещен на сайте ГУ «Отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кокшетау»
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.	Соответствует
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта.	Не требуется.

Руководитель ГУ «Отдел занятости, социальных программ
и регистрации актов гражданского состояния города Кокшетау»

Р. Токишева

**«Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Көкшетау қалалық мәслихатының шешімінің жобасына
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА**

К/с	Түсіндірмелік жазбада қамтылатын мәліметтердің тізімі	Әзірлеуші мемлекеттік органның мәліметі
1.	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы.	«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесі
2.	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері.	«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағының, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулы негізінде
3.	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).	жоқ
4.	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы.	Жоба қабылдауда негативті әлеуметтік-экономикалық және /немесе құқықтық салдарға алып келмейді
5.	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері.	Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау үшін
6.	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.	жоқ
7.	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.	Талап етпейді
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын	2023 жылғы 11 тамызда осы шешімінің жобасын

	мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны).	қазақ және орыс тілдерінде «Ашық НҚА» интернет-порталында «Әлеуметтік қамтамасыз ету» бөлімінде орналастырған, сондай-ақ мемлекеттік органның сайтында орналастырған
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат.	Осы шешімінің жобасына түсіндірме жазбасы «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырған
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.	сәйкес келеді
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері.	Талап етпейді

«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ басшысы

Р. Токишева

Жоба

Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекітілсін.
2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі..

«КЕЛІСІЛДІ»

Проект

Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау

В соответствии с пунктом 2-3 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 523 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Кокшетауский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кокшетау.
2. Признать утратившими силу некоторые решения Кокшетауский городской маслихат согласно приложению к настоящему решению.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

«СОГЛАСОВАНО»

Көкшетау қалалық мәслихатының
202__ жылғы _____
№ _____ шешімімен
бекітілді

**Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес әзірленді және Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Көкшетау қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

4) әлеуметтік көмек – республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай нысанда көрсететін көмек;

5) уәкілетті орган – «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

9) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін Көкшетау қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия.

3. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, жылына 1 рет) көрсетіледі.

4. Осы Ереже Көкшетау қаласының аумағында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

5. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Үлгілік қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін:

1) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі не әлеуметтік маңызы бар аурулардың болуы;

2) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

3) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;

4) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы негіз болып табылады.

7. Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарған кезде осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің тізбесін басшылыққа алады.

8. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне орай әлеуметтік көмектің мөлшерін жергілікті өкілді органдар облыс ЖАО-мен келісу бойынша бірыңғай мөлшерде белгілейді.

9. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды, ол оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10. Мереке күндері мен атаулы күндерге әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына мезгіл-мезгіл (жылына бір рет) көрсетіледі:

1) 15 ақпанға - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

2) Халықаралық әйелдер күніне – 8 наурыз;

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай - ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға;

3) Жеңіс күніне - 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

еңбек ардагерлеріне:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына)

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға;

4) 31 мамырға-саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні:

саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына және саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендерге;

5) Республика күніне - 25 қазан:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға;

ең төмен және төмен зейнетақы мөлшерінен төмен алатын зейнеткерлерге;

6) Тәуелсіздік күніне - 16 желтоқсан:

«Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ақталған 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан адамдарға.

II. Әлеуметтік көмек толық мемлекеттік қолдаудағы адамдарды қоспағанда, мұқтаж азаматтардың келесі санаттарына өтініш бойынша көрсетіледі:

1) кірістерді есепке алмағанда:

дүлей зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) бір рет үш айдан кешіктірмей 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

Денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған әлеуметтік маңызы бар аурулары (адамның иммунитет тапшылығы вирусы тудыратын ауру, қатерлі ісіктер, бірінші типті қант диабеті) бар адамдарға (отбасыларға) медициналық мекеменің аурулардың бір түрі бойынша анықтамасы негізінде жылына 1 рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

амбулаториялық емдеудегі белсенді нысандағы туберкулез ауруы бар адамдарға медициналық мекеменің анықтамасы негізінде ай сайын 6 айдан аспайтын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

диспансерлік есепте тұрған адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған ауруы бар жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне, тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 2 (екі) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде, медициналық мекеменің анықтамасы негізінде әлеуметтік көмек ай сайын төленеді;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға өтініш бойынша бір рет, анықтама негізінде босатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының колледждерінде күндізгі нысанда ақылы негізде окитын мүгедек адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балаларға өтініш бойынша оқу орнынан анықтама негізінде жылына 1 рет оқу құнының 100 (жүз) пайызы мөлшерінде;

1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ақталған, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6 және 7-баптарында көрсетілген адамдарға Республика шегінде санаторий-курорттық емделуге жолдама құнын өтеуге Қазақстан төлем туралы құжаттар негізінде жылына 1 рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

«Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6 және 7-баптарында көрсетілген, 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен адамдарға, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол немесе автомобиль жолаушылар көлігімен санаторийге немесе госпитальға емделуге екі жаққа жол жүру құнын өтеуге жөнелту станциясынан емделу немесе емдеуге жатқызу орнына дейін және кері қайту кезінде растайтын құжаттарды ұсынған кезде жылына 1 рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде;

«Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5 және 6-баптарында көрсетілген адамдарға, Қазақстан Республикасының шегінде

жылына 1 рет төлем туралы құжаттар негізінде тіс протездеу құнын өтеуге 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

«Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында көрсетілген адамдарға Коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарға ай сайын 100 (жүз) пайыз мөлшерінде.

2) табысты ескере отырып, жылына бір рет:

